 - Неправильної експлуатації, що полягає у використанні виробу не за його прямим призначенням, а також встановлення та експлуатації виробу з порушенням правил та вимог техніки безпеки;
 - Нормальної експлуатації, а також природнього зношування, що не впливають на функціональні властивості: механічні пошкодження зовнішньої або внутрішньої поверхні (вм'ятини, подряпини, потертості), природні зміни кольору металу, у тому числі поява райдужних та темних плям, а також корозії на металі у місцях пошкодження поверхні та непокритих ділянках металу;
 - Зношування деталей оздоблення, ламп, батарей, захисних екранів, накопичувачів сміття, ременів, щіток та інших деталей з обмеженим строком використання;
 - Ремонту виробу, здійсненого особами або фірмами, що не є авторизованими сервісними центрами*.
5. Ця гарантія діє за умови пред'явлення оригіналу цього гарантійного талона, оригіналу товарного чека, виданого продавцем, та виробу, у якому виявлено дефекти.
6. Ця гарантія діє лише для виробів, що використовуються для особистих побутових потреб, та не розповсюджується на вироби, котрі використовуються з комерційною, промисловою та професійною метою.

З усіх питань гарантійного обслуговування виробів POLARIS звертайтеся до вашого місцевого офіційного продавця POLARIS.

У разі виявлення несправностей обладнання необхідно негайно зв'язатися із сервісним центром.

*Адреси авторизованих центрів обслуговування на сайті Компанії: www.polar.ru

Постачальник не несе жодної відповідальності за збитки, пов'язані з пошкодженням виробу під час транспортування, внаслідок некоректного використання, а також у зв'язку із модифікацією або самостійним ремонтом виробу.

Еденге орнатылатын желдеткіш
Үлгісі: PSF 1140
POLARIS
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біздің бұйымдар сапа, функционалдық және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған. Біздің фирмадан жаңа бұйым алғаныңызға риза болатыныңызға сенімдіміз.

Желдеткіш құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде толықтай, мұқият оқып шығыңыз, осы нұсқаулықтың барлық пайдалану ережелерімен мұқият танысыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат бар, сондай-ақ, құрылғыны дұрыс пайдалану және оған күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар мен кеңестер берілген.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты кепілдік талонымен, кассалық чекпен бірге, мүмкіндігінше, картон қорапта және орама материалымен бірге сақтаңыз.

Назар аударыңыздар: аталған басшылықта қарастырылған барлық маңызды сақтану шаралары мен нұсқаулықтар желдеткішті пайдалану барысында туындайтын барлық жағдайлар мен ахуалдар қамтылмайды. Бұйымның конструкциясында құрылғымен жұмыс істейтін адамдардың бойындағы кісілік қасиеттерін, атап айтқанда адамдардың ақыл-естілігі мен зияты және ықыластылығы, сонымен қатар, қауіпсіздікке жататын сақтық сияқты факторлардың барлығын қамту мүмкін емес екендігін есепке алған дұрыс. Мұндай факторлардың қадағалануын адамдардың өзі жабдықтарды пайдалануда қамтамасыз ету керек.

Жалпы мәлімет

Бұл пайдалану бойынша нұсқаулық, үлгісі **PSF 1140** POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын тұрмыстық электрлік желдеткіш құрылғы (бұдан әрі мәтін бойынша – электрлік желдеткіш құрылғы, құрылғы) жөніндегі техникалық деректері мен сипаттамаларымен, оның құрылғысымен, сонымен қатар құрылғыны сақтау және пайдалану бойынша ережелермен танысуға арналған.

Қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар

- Бұл құрылғы электр энергетикасы саласындағы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес пайдаланылуы тиіс, яғни құрылғының пайдалануы «Тұтынушылардың электрлі қондырғыларын техникалық пайдалану қағидалары» бойынша тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану тәртібін айқындайтын ережелерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Бұл тұрмыстық электрлік желдеткіш құрылғы осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес, тек қана үйде, тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс.
- Бұл электрлік желдеткіш құрылғы тек мақсатқа сай пайдаланылуы керек.
- Әр жолы электрлік желдеткіш құрылғыны іске қоспас бұрын, оны қарап шығыңыз. Электрлік желдеткіш құрылғының және оның электрмен қоректендіретін электр желілік баусымның қандай да бір ақаулығы анықталған жағдайда, желдеткіш құрылғының қуат өткізетін электр желілік баусымның айыртетігін электрлі желіге, ашалы розеткаға қосуға мүлдем болмайды.
- Электрлік желдеткіш құрылғы еденге не жерге құлаған жағдайда, оның көзге анық көрінетін қандай да бір ақаулығы (зақымдауы) байқалған кезде, құрылғыны қолданбаңыз. Желдеткіш құрылғыны пайдаланбас бұрын оны білікті маманға көрсету қажет, желдеткіш құрылғыны тек қызмет көрсету орталығының қызметкері ғана тексеріп шығуы тиіс.
- Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған желдеткіш құрылғыны қадағалаусыз қалдырмаңыз.
- **Назар аударыңыздар! Электрлік желдеткіш құрылғыны ванна, ыдыс-аяқ жуатын шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа ыдыстардың қасында пайдалануға болмайды.**
- Желдеткіш құрылғыны ешбір жағдайда суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды.
- Электрлік желдеткіш құрылғыны тек қана ауыспалы тоқ көзіне ғана қосыңыз (~). Электрлік желдеткіш құрылғыны электр желіге қоспас бұрын, электр желідегі қолданылатын электрлік

параметрлерін тексеріңіз, бұл құрылғының техникалық сипаттамаларына сәйкес болғанына көз жеткізіңіз.

- **Кез келген ақау бола тұра құрылғыны іске қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Техникалық стандартқа сай келмейтін қуат беру және электрлік қоректендіру көздері мен ұзартқыш не жалғастырғыш құрылғыны және үшжақты жалғаулық секілді ұшайыр біріктіргіш құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Желдеткіш құрылғының желілік баусымның штепсельді айыртетігін электр желіге жалғастырмас бұрын, оның сөніп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Желдеткіш құрылғыны бөлмежайдан тысқары жерде пайдаланбаңыз. Құрылғыны сүйір бұрыштарға соғылуынан сақтаңыз. Электрлік желдеткіш құрылғыны және оның электрлі желілік баусымын қыздыру не жылу шығаратын көздерінен және өзге де электрлі құралдардан алыс қашықтықта орналастырыңыз, құрылғы және оның электрлі желілік баусымы ыстық ауаның тікелей күн көзіне, жоғары температураның әсеріне, тікелей күннің жарық сәулесінің және де жауын-шашындардың түсуіне және ылғалға ұшырамайтындай етіп, яғни құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмайтындай етіп, сақталуы керек (электрлік желдеткіш құрылғыны ешбір жағдайда суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды). Ылғал қолыңызбен желдеткіш құрылғыны ұстауға болмайды. Электрлік желдеткіш құрылғы дымқылданса, оның электр желілік баусымның айыртетігін бірден электрлік қоректену желіден ажыратыңыз.
- Желдеткіш құрылғы суға түсіп кеткен жағдайда, оның электр желілік баусымның айыртетігін бірден электрлік қоректену желіден ажыратыңыз. Сонымен, бұл кезде қолды суға малуға мүлдем болмайды. Құрылғыны екінші мәрте пайдаланудың алдында оны білікті маман тексеріп ашығуы керек.
- Электрлік желдеткіш құрылғымен пайдаланып болғаннан кейін, құрылғыны және оның құрамдас бөліктерін немесе оның қандай да бөлшектерін тазартпас бұрын, және де желдеткіш құрылғының құрамдас бөліктері мен бөлшектерін орнатпас бұрын, немесе оларды бөлшектеу қажет болған жағдайда, сонымен қатар, бұл құрылғының құрамдас бөліктерін немесе оның қандай да бөлшектерін ауыстырар алдында, сондай-ақ, электрлік желдеткіш құрылғы сынып, істен шыққан жағдайда, оны әрдайым электр желіден ажырату қажет.
- Бұл желдеткіш құрылғыны қолдануға қатысты қауіпсіздіктері үшін жауап беретін тұлғаның нұсқаулығы жүргізілген немесе қадағалау жүзеге асырылған кездерді есепке алмағанда, кембағал, сезім мүкістігі бар немесе ақыл-есі кем, сондай-ақ, құрылғыны қолдану білімі мен тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Олар бұл құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балалардың желдеткіш құрылғымен ойнауына жол бермеу үшін оларды қадағалап отырыңыз.
- Электрлік желдеткіш құрылғыны оның электрлік қоректену желілік баусымнан ұстап тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, электрлік желдеткіш құрылғыны оның электр желілік баусымнан ұста, тартып электрлік қоректену желісінен ажыратуға тыйым салынады. Электрлік желдеткіш құрылғының электр желілік баусымын электрлік қоректену желіден ажыратқан кезінде, тек қана оның электр желілік баусымның штепсельді айыртетігінен ұстаңыз.
- Желдеткіш құрылғыны тек қана тегіс, орнықты жерге орнатыңыз.
- Құрылғының жеткізілім жиынтықтылығына кірмейтін қосымша аксессуарларға жататын бөлшектері мен керек-жарақтарын пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Әр жолы желдеткіш құрылғыны әрбір пайдаланғаннан кейін, оның электрлі қоректендіргіш баусымын құрылғыға айналдыра орауға болмайды, себебі, уақыт өте келе бұл баусымның үзілуіне әкеп соғуы мүмкін. Қашанда желдеткіш құрылғының электрлі қоректендіргіш баусымын дұрыс сақтау үшін оны жақсылап тарқатыңыз.
- Желдеткіш құрылғының желілік баусымын тек қана білікті мамандар – қызмет көрсету орталығының қызметкерлері ғана ауыстыра алады. Жөндеу жұмыстарын біліктілігі жоқ немесе

біліктілігі төмен деңгейдегі санаты жоқ тұлға тарапынан жасалған болса, бұл қолданушыны қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін.

- Кепілдік қызмет көрсету әрекетін сақтау мақсатында және техникалық мәселелерінің алдын алу үшін электрлік желдеткіш құрылғыны өз бетіңізбен бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу жұмыстарын тек қызмет көрсету орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыруы керек.
- Электрлік желдеткіш құрылғыны жөндеу үшін тек қана түпнұсқалы қосалқы бөлшектерді пайдалануға қажет.
- Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін бұл электрлік желдеткіш құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Сөйтіп, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

Желдеткіш құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі арнайы нұсқаулар



- Желдеткіш құрылғының қорғаныс торына саусақты немесе басқа да заттарды салмаңыз.
- Шашыңыз ұзын болса сақ болыңыз: ауа ағыны оны құралға тартып алуы мүмкін.
- Желдеткіш құрылғыны тек жабық қорғаныс торымен ғана қосуға болады.
- Желдеткіш құрылғыны оны тек толық құрастырып жинаған соң ғана және оның қажетті бұру бұрышын орнатқаннан кейін қосуға болады.
- Электрлік желдеткіш құрылғыны ашық тұрған терезенің жанында орналастырып қоймаңыз, себебі жаңбыр тамшылары құрылғыға түсіп енуі мүмкін, сонымен жаңбыр тамшылары құрылғыға түсіп, қысқа тұйықталу туғызады немесе тоқпен зақымдалу қаупін тудыруы мүмкін.
- Желдеткіш құрылғыны құрастырып жинамас бұрын және оны орнатар алдында құрылғының желілік баусымның штепсельді айыртетігі электр желіге қосылмағандығына көз жеткізіңіз.
- Желдеткіш құрылғының электр қуат өткізетін желілік баусымын кілемнің астынан өткізіп, жазып, орналастыруға болмайды. Құрылғының электр желілік баусымын кілемдермен, кілем жолдарымен және т.б. заттармен жаппаңыз. Желдеткіш құрылғының электр желілік баусымын адамдардың өтуіне кедергі келтірмейтін жерге орналастырыңыз.
- Желдеткіш құрылғының торын қандай болса да заттармен жаппаңыз.
- Желдеткіш құрылғының желілік баусымның штепсельдік айыртетігін ашалы розеткаға тірелгенше жалғастыру қажет. Пайдалану барысында розетканың істен шығуына назар аударыңыз. Ашалы розеткаңызды жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз, ашалы розетканың қызып кету белгілерінің болмауына, ал желдеткіш құрылғыдағы баусымның штепсельдік айыртетігінің деформациялануы, яғни майысқақтық немесе оның зақымдалмағанына, яғни оның сыртында ешбір механикалық зақымданулардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Электр құрылғыларды істен шыққан немесе ақаулы розеткаға қоспаңыз. Ашалы розеткаңызды ауыстыру немесе жөндеу үшін тек қана білікті мамандарға хабарласыңыз.
- Желдеткіш құрылғының элементтері арасында кетіруіне шаңсорғыш қажет болатын полистиролдың немесе басқа да қаптама материалдарының қалдықтарының жоқ екендігіне көз жеткізіңіз, Желдеткіш құрылғының элементтері арасында жоғарыда аталған қаптама материалдарының қалдықтарын кетіру үшін шаңсорғышты қолданыңыз.

Құрылғының пайдалану саласы

Бұл тұрмыстық электрлік желдеткіш құрылғы тек қана үйде, тұрмыстық мақсатта осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықтың ережелері мен талаптарына сәйкес тұрғын ғимаратында, қалыпты болып саналатын ылғалдық пен температурада, тек тұрмыста және соған ұқсас жағдайларда ғана пайдалануға арналған. Бұл тұрмыстық электрлік желдеткіш құрылғы осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес, тек қана үйде, тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс.

Құрылғының сипаттамасы

Желдеткіш құрылғы бөлмедегі ауаның қосымша айналымы үшін, яғни ауа ағыны алмасуын жақсарту үшін пайдаланылады.



1. Қалақтардың алдыңғы қорғаныс тор тәрізді қаптамасы;
2. Ілмегі;
3. Тор бекіткіші;
4. Қалақтарды бекітуге арналған гайкасы;
5. Желдеткіштің қалақтары;
6. Қалақтардың артқы қорғаныс тор тәрізді қаптамасын бекітуге арналған гайкасы;
7. Желдеткіш құрылғыдағы қалақтардың артқы қорғаныс тор тәрізді қаптамасы;
8. Білігі;
9. Желдеткіштің бұрылуын реттеуге арналған реттегіш тетігі;
10. Қозғалтқыштың қаптамасы;

11. Басқару батырмалары;
12. Тоқтатқыш бұрамасы;
13. Желдеткіштің биіктігін реттеуге арналған реттегіш гайкасы;
14. Жалғаулық муфтасы;
15. Ұзартқыш түтік тәрізді жылжымалы тіреуі;
16. Түтік тәрізді тіреуі-негізгі бағанасы;
17. Құрылғыны тіреп тұрған табанның элементтері.



Құрылғының жиынтықтылығы

- Құрылғының түтік тәрізді бағанасы құрастырып жиналған (ұзартқыш түтік тәрізді жылжымалы тіреуі, түтік тәрізді тіреуі-негізгі бағанасы, жалғаулық муфтасы және желдеткіштің биіктігін реттеуге арналған реттегіш гайкасы) – 1 дана;
- Желдеткіш құрылғыны тіреп тұратын табанның элементтері – 4 дана;
- Желдеткіш құрылғының корпусында (қозғалтқыштың блогі және басқару блогі құрастырып жиналған) – 1 дана;
- Қалақтардың артқы қорғаныс тор тәрізді қаптамасы – 1 дана;
- Қалақтардың алдыңғы қорғаныс тор тәрізді қаптамасы – 1 дана;
- Қалақтардың артқы қорғаныс торын (қаптамасын), яғни тор тәрізді қаптамасын бекітуге арналған гайкасы – 1 дана;
- Қалақтар – 1 дана;
- Қалақтарды бекітуге арналған гайкасы – 1 дана;
- Пайдалану бойынша нұсқаулық - 1 дана;

- Кепілдік талоны – 1 дана;
- Қызмет көрсету орталықтарының тізімі – 1 дана.

Желдеткіш құрылғының бөлшектерін құрастырып жинау

- 1) Құрылғыны тіреп тұратын табанның элементтерін (17) жалғаулық мұфтаға (14) орнатыңыз.



- 2) Желдеткіштің биіктігін реттеп алу үшін ұзартқыш түтік тәрізді жылжымалы тіреуді жылжытып, оның биіктігін реттеуге арналған реттегіш гайкасы (13) арқылы бекіте отырып, қалауыңызша реттеңіз.
- 3) Құрылғының корпусын ұзартқыш түтік тәрізді жылжымалы тіреуіге орнатыңыз да, оны тоқтатқыш бұрамасымен (12) бұра тартып, бекітіп алыңыз.

Назар аударыңыздар: Желдеткіш құрылғыны іске қоспас бұрын бұранданың жақсылап бекітілгендігіне көз жеткізіңіз.

- 4) Қалақтардың артқы қорғаныс тор тәрізді қабықшасын (7) электр қозғалтқыштың корпусында бекіту үшін қалақтардың артқы қорғаныс тор тәрізді қаптамасын бекітуге арналған бекіткіш гайкасын (6), ол тіреліп бекітілгенше сағат тілінің бағыты бойынша айналдыра бұраңыз.
- 5) Желдеткіш құрылғының қалақтарын (5) орнатыңыз, ол үшін қалақтарды бекітуге арналған бекіткіш гайкасын (4), ол тіреліп бекітілгенше айналдыра бұраңыз.

Назар аударыңыздар: теріс бұранды!

- 6) Қалақтардың алдыңғы қорғаныс тор тәрізді қаптамасындағы тор бекіткіштерін ашыңыз, қалақтардың алдыңғы қорғаныс тор тәрізді қаптамасын артқы қорғаныс қаптамасына қыстырып, оларды бір біріне біріктіріңіз, содан кейін тор бекіткіштерін (5 дана) жабыңыз. Желдеткіш құрылғының қорғаныс тор тәрізді қаптамаларын оңай құрастырып жинау үшін алдымен жоғарғы бекіткіштерді бекітіп алыңыз.

Құрылғыны пайдалану

- 1) Желдеткіш құрылғының желілік баусымның штепсельді айыртетігін электр желіге жалғастырмас бұрын, оның сөніп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- 2) Желдеткіш құрылғының желілік баусымның айыртетігін электр желіге жалғастырып қосыңыз.
- 3) Желдеткіш құрылғының жұмыс жылдамдығын реттеп алу үшін, оның басқару панелінде орналасқан батырмаларын қолданыңыз, бұл батырмалардың көмегімен қалақтардың жылдамдық режимдерін ауыстырып қосуға болады.
 - «0» батырмасы: желдеткіш құрылғы іске қосылды;
 - «1» батырмасы: қалақтардың ең төменгі айналу жылдамдылығы;
 - «2» батырмасы: қалақтардың орташа айналу жылдамдылығы;
 - «3» батырмасы: қалақтардың жоғары айналу жылдамдылығы.
- 4) Бұрылу режимін қосу үшін желдеткіштің бұрылуын реттеуге арналған реттегіш тетігін (9) басыңыз. Бұрылу режимін сөндіру үшін желдеткіштің бұрылуын реттеуге арналған реттегіш тетігін жоғары көтеріңіз.
- 5) Желдеткіштің еңкею бұрышын таңдаңыз. Құрылғының конструкциясы желдеткіштің еңкею бұрышын реттеу арқылы ауа ағынының бағытын өзгертуге мүмкіндік береді. Ол үшін желдеткіштің қажетті еңкею бұрышын орнатыңыз.
- 6) Желдеткіш құрылғының биіктігін реттеп алу үшін желдеткіштің биіктігін реттеуге арналған реттегіш гайкасын (13) босаңсыту қажет, содан кейін ұзартқыш түтік тәрізді жылжымалы тіреуді жоғары қарай көтеріп, желдеткіштің биіктігін қалауыңызша реттеп алыңыз да, содан соң реттегіш гайкасын бұрап, мықтап бекіңіз.

Құрылғыны тазарту және желдеткіш құрылғыға техникалық қызмет көрсету жөніндегі ережелері

- Желдеткіш құрылғыны тек қана оның электр желілік баусымның айыртетігі ашалы розеткадан ажыратылған болса ғана тазартуға болады.
- Желдеткіш құрылғыда жиналған жеңіл шаңды жұмсақ матамен және шаңды жинауға арналған қылшақ түріндегі қондырмасы (саптамасы) бар шаңсорғыш көмегімен тазартуға болады. Желдеткіштің ішінде жиналған шаңды жіңішке саңылауы бар қондырмасы (саптамасы) арқылы ауаны үрлеу режимінде тазартып алуға болады.
- Желдеткіштің сыртқы бетін ыдыс-аяқ жууға арналған құрылғыларды пайдаланып, және суға малынған және мұқият сығылған сәл ылғал матамен жүйелі түрде сүртіп отырыңыз. Желдеткіш құрылғыны іске қосар алдында оны құрғақ, жұмсақ матамен әбден құрғата отырып сүртіңіз.
- Ыдысты жууға арналған жуу құрылғылардың және судың тамшыларын электр қозғалтқышқа тамып кетуіне жол бермеңіз.
- Желдеткіш құрылғыны тазалау үшін спрейді және сондай-ақ органикалық ерітінділерді ешқашан қолданбаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР: Өрт қауіпін болдырмас үшін немесе электр тоғымен зақымдалуға себеп болуы мүмкін болғандықтан, судың тамшыларын желдеткіш құрылғының ішіне тамып кетуіне жол бермеңіз. Желдеткіштің электр қозғалтқышы өндіруші зауытта құрастыру барысында майланған және желдеткішті пайдалану барысында мүлдем қосымша майлауды қажет етпейді. Желдеткішті пайдаланушының өзі жасайтын техникалық қызмет көрсетудің басқа түрлері қажет емес және мақұлданбайды. Желдеткішті жөндеу арнайы шеберханаларда немесе тұрмыстық техникаларды жөндеу орталықтарында жүргізілуі тиіс.

Құрылғыны сақтау жөніндегі ережелері

Электрлі құрылғылар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C -тан аспайтын, сонымен қатар салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды, сондай-ақ, электрлі құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс.

Құрылғыны тасымалдау жөніндегі ережелері

Электрлі құрылғылардың тасымалдауы нақты бір көлік түрінде әрекет ететін жүкті тасымалдау және жүк тиеу-түсіру жұмыстарын қамтамасыз ететін, жүкті көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің барлық жабық түрлерінде кез келген көлік құрылғыларымен жүзеге асырылады. Құрылғыны тасымалдау барысында оның түпнұсқалық зауыттық орама мен қаптама қорабын пайдаланыңыз.

Құрылғыларды тасымалдау барысында оларды тікелей механикалық бұлінулерден, қызудан, оған тіке күн сәулесінің, атмосфералық жауын-шашындардың түсуінен, ылғал мен агрессивті жемірлі орталар әсер етуінен қорғау шарттары қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін жоғарыда аталған әсерлердің кездейсоқ тигізу мүмкіндігін болдырмауы керек.

***Ескертпе:** Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін электр құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өндеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Сөйтіп, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.*

Бұл желдеткіш пеш құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері

Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері белгіленген емес.

Егер сізде қандай да бір қыйындық туындаса

Ақауларға қатысты мәселелер	Ақаулардың пайда болуы мүмкін себебі	Жою тәсілдері
	Мәселе электр қоректендіруде, ток жоқ, желіде	Құрылғының желілік баусымның айыртетігі электр желіге дұрыс жалғасып тұрғандығына көз жеткізіңіз, желіде ток жоқ болса электр қуатты қосыңыз.

Құрылғы іске қосылмайды.	Құрылғының электр желілік баусымы ақаулы шығар, тексеріңіз.	Арнайы жөндеу жұмысын жасайтын авторларынған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз, бұл ақауды тек арнайы жөндеу шеберханасындағы мамандары ғана жоя алады.
--------------------------	---	--

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату жөніндегі талаптар

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату барысында пайда болатын қатты тұрмыстық қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттары бойынша көзделген қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға 2.1.7.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.

Құрылғының техникалық сипаттамалары

PSF 1140 –POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын тұрмыстық электрлік еденге орнатылатын желдеткіш құрылғы
 Кернеуі: 220-240 В.
 Қуаттылығы: 55 Вт.
 Жиілігі: 50 Гц.
 Қорғаныс жіктелімі - II

Ескертпе: Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады.

Сертификаттау жөніндегі ақпарат

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сертификат нөмірі/сәйкестік декларациясы мен оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе Өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала саласыз.



Құрылғының өңделіп шығарылған күні мен жылы жөніндегі ақпарат құрылғының сыртында көрсетілген.

Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі: 3 жыл.

Кепілдік мерзімі: 3 жыл.

Өндіруші:

POLARIS CORPORATION LIMITED - ПОЛАРИС КОРПОРЕЙШН ЛИМИТЕД

1801 Блогі, 18/F, Джубили Сентр, 46 Глостер Роуд, Ванчай, Гонконг

Unit 1801, 18/F, Jubilee Centre, 46 Gloucester Road, Wanchai, Hong Kong

Өндірушінің РФ және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттеріндегі Импорттаушысы және

Уәкілетті өкілі: «AGI Electronics» ЖШС, Ресей, 115419, Мәскеу, Орджоникидзе көшесі, 11,

3 ғимарат, 4 қабат, I кабинет, 13 кабинет.

Бірыңғай анықтамалық қызметтің телефоны 8-800-700-11-78

КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ

Бұйым: Еденге орнатылатын желдеткіш

Үлгісі: PSF 1140

Бұл кепілдік әрекеттегі заңдылықпен бекітілген тұтынушының құқығына қосымша ретінде өндірушімен берілген, және тұтынушының құқығын еш шектемейді.

Бұл кепілдік бұйымды сатып алған күннен 36 ай бойына әрекетте болады, және материалдар мен жұмыс істеуіне байланысты ақаулар табылған жағдайда кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді. Бұл жағдайда тұтынушы басқасын қоса алғанда, бұйымды тегін жөндетуге құқықты. Бұл кепілдік келесі шарттарды сақтағанда, жарамды:

1. Кепілдік міндеттеме «POLARIS» компаниясы шығаратын барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан).
2. Бұйым тек қана тұрмыстық қажеттіліктерге пайдалану үшін сатып алынуы тиіс. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
3. Өндірушінің міндеттемесін осы кепілдік бойынша сатушылар – өндірушінің уәкілетті дилерлері және ресми қызмет көрсететін (қызмет көрсету) орталықтар орындайды. Бұл кепілдік өндіруші құзырлық бермеген сатушылардан сатып алынған бұйымдарға таралмайды, олар тұтынушы алдында заңға сәйкес, өздігінен жауап береді.
4. Бұл кепілдік келесі жәйттердің нәтижесінде пайда болған ақауларды жөндеуге, сонымен қатар құрылғының қандай да бір сыртқы қабатының өзгерістері байқалған жағдайда таралмайды, егер де:
 - Бұл кепілдік химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер болған жағдайда, сондай-ақ, бұйымның ішіне сұйықтық төгілген жағдайда, сонымен қатар, құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді бөгде заттардың бұйымның ішіне түсіп кетуі, сонымен бірге, бұл ақау микроорганизмдердің, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа секілді жәндіктер мен зиянкестер топтарының іс-әрекет, тіршілігінің салдары нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
 - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес, дұрыс пайдаланбағанда, оның жиынтықтығына кірмейтін, қосымша керек-жарақтарын пайдаланғанда, сондай-ақ, бұйымды техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
 - Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерлеінде тоттанудың салдарынан металдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;
 - Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
 - Авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуі;
5. Бұл кепілдік тек талонның түпнұсқасымен, сатушы берген тауарлы чектің түпнұсқасымен және ақауы табылған бұйыммен бірге көрсеткенде ғана жарамды болмақ.
6. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

POLARIS бұйымдарына кепілдік қызмет көрсету мәселелері бойынша Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға хабарласыңыз.

Құрылғының ақаулы екендігі анықталса, тез арада қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет.

* Авторландырылған (өкілетті) сервистік орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында:

www.polar.ru

Жеткізуші құрылғыны тасымалдау барысында, дұрыс емес пайдалану салдарынан, сондай-ақ, модификациялау (жаңадан жасау; қайта жасау; қайта құру; түрлендіру, өзгерту) құрылғының түрін өзгерту, түрлендіру, және құрылғының құрылымын қайта құрып, түрлендіру салдарынан, яғни қандай да бір модификациялық өзгерістерді енгізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін жауапты емес.

